

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту
министрлігіҚазақстан Республикасы Оқу-
ағарту министрінің 2022 жылғы 24
қарашадағы № 473 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2022
жылғы 25 қарашада № 30721
болып тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын
қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын
біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың
тізбесін бекіту туралы**

*Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту
министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

*Ескерту. Алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алтыс күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі – осы бұйрықтың 4-тармағымен.*

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 84)
тармақшасына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының 12-бабының 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

*Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.
27.06.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

1. Қоса беріліп отырған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне
қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың
тізбесі бекітілсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі**

А. Аймағамбетов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі
2022 жылғы «__» ____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
2022 жылғы «__» ____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

2022 жылғы «___» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау

министрлігі

2022 жылғы «___» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

2022 жылғы «___» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар

министрлігі

2022 жылғы «___» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

2022 жылғы «___» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі

2022 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 24 қарашадағы
№ 473 бұйрығымен
бекітілген

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын
қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын
біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Ескерту. Құжаттардың тізбесі жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.02.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.05.2024 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.06.2024 № 157 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
1	Оқу жұмыс жоспарларының «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 500 бұйрық) бекітілген үлгілік оқу жоспарларына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 348 бұйрық) бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
2	Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткен кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы. Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтердің үлесі кемінде 90% құрауы.	Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптары	Бұл ретте педагогтердің жалпы санынан штаттық педагогтердің үлесі

	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің педагогтердің жалпы санынан үлесі: шағын жинақталған мектептер, арнайы мектептер үшін кемінде 20 %; жалпы білім беретін мектептер үшін кемінде 25 %. Білім беру ұйымы басшысының және педагогтерінің білімі, жұмыс өтілі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 338 бұйрық) талаптарына сәйкестігі.	на 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	кемінде 90%.
2-1	«Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 44 бұйрық) бекітілген және «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) (бұдан әрі – 216 бұйрық) бекітілген оқулықтарға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.	Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептер, оқу-сауықтыру орталықтары жанындағы мектептер жеке кітапхана қоры болмаған жағдайда шарт/акт бойынша өзге білім беру ұйымы пайдалануға берген оқу және көркем әдебиетті пайдаланады.
3	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. «Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32069 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 37 бұйрық) сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	Оқу корпустарын ішкі өткелдермен қосқан жағдайда бір медициналық пункттің болуына жол беріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін медициналық пунктті болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-

			санитария-лық көмек ұйымы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитария-лық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) бекітілген Санитариялық қағидаларға (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.
4	№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін	Оқу корпусарын іш-

	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ 16 бұйрық) бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпустарында) болуы. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.	тамақтандыру объектісінің және тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	кі өткелдермен қосқан жағдайда бір тамақтану объектісі болуына жол беріледі. Тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушының тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы.
5	№ ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға және «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 55 бұйрық) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, темір-жол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және/немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Меншік немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері, оның ішінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі. Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына), санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес объектінің (әрбір оқу корпусына)	

		өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі. Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдары үшін өрт аудитінің қорытындысы (бір-жолғы қорытынды), объектіні пайдалануға беру актісі, оның ішінде № 55 бұйрықтың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, эвакуациялау жоспары, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз көлемі.	
6	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; № 348 бұйрыққа және «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 385 бұйрық) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы; edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; № 70 бұйрықпен бекітілген жабдыктар мен жиһаздардың болуы; № 385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы; № ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимін ұйымдастыру; 400 оқушыға дейін интернеттің ең аз жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с, оған қосымша бір ауысымдағы контингент санын ескере отырып, әрбір 20 оқушыға 1 Мбит/с . Ғимаратта № ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуатын раковиналар) болуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5, 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақтандыру туралы біліктілік талабы қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. Компьютерлік сыныптар-

Білім беру ұйымдары үшін «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 117 бұйрық) сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.

мен, оқу кабинеттерімен жарактандырылуы туралы, edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы, іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.

Шағын жинақталған мектептерде бейімделген спорт залының болуына рұқсат беріледі; кәрізсіз жерлерде жылы санитариялық тораптарды орнатуға (75 адамға 1) және құймалы қолжуғыштарды орнатуға (30 адамға 1) рұқсат беріледі.

Жаңадан құрылған білім беру ұйымдарында жеке пайдалануға арналған жаб-

			дықталған шкафтар- дың саны болжамды қабылдау бойынша, жұмыс істеп тұрған білім беру ұйымда- рында кон- тингенті бойынша айқындала- ды.
6- 1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары педагогтерінің тиісті бейіні бойынша біліктілігін арттыруды 3 жылда кемінде 1 рет 36 сағаттан кем емес көлемінде қамтамасыз ету. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні және білім беру саласында менеджмент бойынша біліктілікті арттыру 3 жылда кемінде 1 рет.	Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілігін арттыру оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша жүргізіледі. Біліктілік талаптары жұмысқа орналастырылғаннан кейін кемінде 3 жыл еңбек қызметін жүзеге асыратын педа-

			гогтерге қолданылмайды. Менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының болуы білім беру ұйымын басқару ерекшелігіне байланысты шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.
7	«Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 570 бұйрық) бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар «Ұлттық білім беру деректер қоры» (бұдан әрі – ҰБДҚ) және әкімшілік деректері ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	
7-1	«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 6 бұйрық) ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар құру.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	
2. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			

8	Оқу жұмыс жоспарларының № 500 бұйрықпен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына және № 348 бұйрықпен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
9	Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткен кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы. Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтердің үлесі кемінде 90% құрауы. Педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын жинақталған мектептер, арнайы мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін кемінде 40 %, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда). Білім беру ұйымы басшысының және педагогтерінің білімі, жұмыс өтілі № 338 бұйрық талаптарына сәйкестігі.	Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Бұл ретте педагогтердің жалпы санынан штаттық педагогтердің үлесі кемінде 90%.
9-1	№ 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.	Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептер, оқу-сауықтыру орталықтары жанындағы мектептер жеке кітапхана қоры болмаған жағдайда шарт/акт бойынша өзге білім беру ұйымы пайдалануға берген оқу және көркем әдебиетті пайдаланады.
10	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның немесе № 37 бұйрыққа сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз	Оқу корпусарын ішкі өткелдермен қосқан

	Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен Медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.	етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	жағдайда бір медициналық пункттің болуына рұқсат беріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін медициналық пункті болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Біліктілік талабы қылыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
11	№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпусарында) болуы.	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және тамақта-	Оқу корпусарын ішкі өткелдермен қосқан

	Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.	ну объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	жағдайда бір тамақтану объектісі болуына жол беріледі. Тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушының тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы. Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
12	№ ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және /немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Меншік немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірме-	

		лері, оның ішінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі. Әрбір ғимаратқа (оқу корпусына), санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес объектінің (әрбір оқу корпусына) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі. Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдары үшін өрт аудитінің қорытындысы (біржолғы қорытынды), объектіні пайдалануға беру актісі, оның ішінде № 55 бұйрықтың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрықтың, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, эвакуациялау жоспары, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз көлемі.	
13	№ 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; № 348, № 385 және № 500 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы; шағын жинақталған мектептер, арнайы мектептер, оқу-сауықтыру орталықтары жанындағы мектептер үшін-физика, химия, биология пәндері бойынша ұсынылатын оқу-зертханалық жабдықтардың болуы жеткілікті; edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы; № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимін ұйымдастыру;	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақтандыру туралы біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пе-

400 оқушыға дейін интернеттің ең аз жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с, оған қосымша бір ауысымдағы контингент санын ескере отырып, әрбір 20 оқушыға 1 Мбит/с. Ғимаратта № ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуатын раковиналар) болуы. Білім беру ұйымдары үшін № 117 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.	нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5, 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	нитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. Компьютерлік сыныптармен, оқу кабинеттерімен жарақтандырылуы туралы, edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы, іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы біліктілік талаптары шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды. Шағын жинақталған мектептерде бейімделген спорт залының болуына рұқсат беріледі; кәрізсіз жерлерде жылы санитариялық тораптарды орнатуға (75 адамға 1) және құймалы қолжуғыштар-
---	---	---

			ды орна- туға (30 адамға 1) рұқсат беріледі.
13-1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары педагогтерінің тиісті бейіні бойынша біліктілігін арттыруды 3 жылда кемінде 1 рет 36 сағаттан кем емес көлемінде қамтамасыз ету. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні және білім беру саласында менеджмент бойынша біліктілікті арттыру 3 жылда кемінде 1 рет.	Педагогтер мен басшы кадрлардың пәннің бейініне, білім беру бағдарламаларына сәйкес біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілігін арттыру оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша жүргізіледі. Біліктілік талаптары жұмысқа орналастырылғаннан кейін 3 жыл ішінде еңбек қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылмайды. Менеджмент саласында біліктілікті арттыру курстарының болуы білім беру

			ұйымын басқару ерекшелігіне байланысты шағын жинақталған мектептерге қолданылмайды.
14	№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар ҰБДҚ және әкімшілік деректері ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің, техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, ҰБДҚ-нің, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
14-1	№ 6 бұйрыққа сәйкес ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар құру.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
3. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
15	Оқу жұмыс жоспарларының № 500 бұйрықпен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына және № 348 бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
16			

	Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткен кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы. Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтердің үлесі кемінде 90% құрауы. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі: шағын жинақталған мектептер, арнайы мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін кемінде 40 %, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда). Білім беру ұйымы басшысының және педагогтерінің білімі, жұмыс өтілі № 338 бұйрық талаптарына сәйкестігі.	Педагог, оқытушы және басшы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Бұл ретте штаттық педагогтердің үлесі педагогтердің жалпы санының кемінде 90% құрауы тиіс.
16-1	№ 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.	Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.	Шағын жинақталған мектептер, арнайы мектептер, оқу-сауықтыру орталықтары жанындағы мектептер жеке кітапхана қоры болмаған жағдайда шарт/акт бойынша өзге білім беру ұйымы пайдалануға берген оқу және көркем әдебиетті пайдаланады.
17	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның немесе № 37 бұйрығына сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы. Балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған жағдайда, білім беру ұйымын өндірістік база ретінде көрсете отырып, лицензияға қосымшаның болуы.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі және білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымының ме-	Оқу корпустарын ішкі өткелдермен қосқан жағдайда бір медициналық

		дициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	пунктінің болуына жол беріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін медициналық пункті болмаған жағдайда медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
18	№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің (оқу корпусарында) болуы. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.	Санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің және тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиоло-	Оқу корпусарын ішкі өткелдермен қосқан жағдайда бір тамақта-

		гиялық қорытындының болуы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	ну объектісі болуына жол беріледі. Тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушының тамақтану объектісіне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы. Біліктілік талабы қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
19	№ ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және /немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жасалған жағдайлар туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша. Меншік немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері, оның ішінде объектіні пайдалануға қа-	

